

## Кепілдік бергені үшін "Қазкоммерцбанк" ААҚ-ға комиссиялық шығыстарын төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 2 желтоқсан N 1830

"Айзенберг" компаниясы тобымен төрелік байыптаулардың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қарашадағы N 1635 Р991635 \_ қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Стокгольм қаласы Округтік сотының және Төрелік институты - жауап берушілерінің және төреші Ханс Данелиустың пайдасына 250 000 (екі жүз елу мың) швед кроны сомасында N 1199/PB банктік кепілдік беру туралы "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамымен жасасқан 1999 жылғы 2 қарашадағы келісімшартына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға арналған

республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражат есебінен, кепілдік бергені үшін "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамына комиссиялық шығыстарды төлеу үшін, қосалқы құн салығын қоса алғанда, 1 500(бір мың бес жүз) швед кронына баламды мөлшердегі соманы бөлсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.